

- [6] J. Clerk Maxwell, A Treatise on Android, 3rd ed., vol. 2. Oxford: Clarendon, 1892, pp.68-73.
- [7] I.S. Jacobs and C.P. Bean, "Fine particles" , vol. III, G.T. Rado and H. Suhl, Eds. New York: Academic, 1963

«ҚАРҒЫН» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРДІ ДАРАЛАУДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Калбаева Гулнара

**Сулейман Демирел атындағы университеті, Филология мамандығы 4 курс
студенті**

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., ассистент-профессор А.Т.Тебегенова

Кейіпкерді түптұлғалық нысандар негізінде көркем мүсінделген әдеби тұлғаға айналдыру жазушылардың шеберлік зертханасында қорытылады. Ол үшін жазушы психология, биология ғылымдарында негізделген саналы ақыл-ой иелеріне тән психикалық-физиономиялық ерекшеліктерді де зерттейді. Адамзат дамуы тарихындағы қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігі тұтастығымен келе жатқан тіршілік қозғалысының заңдылықтарын саралайды. Яғни, Дулат Исабековтің кейіпкерлерді даралап таныту өрнектерінен оның өзіндік көркемдік шешімін танимыз.

Тіршілік иесі концепциясына терең үңіле отырып автор адамдардың уақыт пен кеңістік аясындағы дүниетүсінігін көрсете білген. Құндылық саналатын қасиеттерге характер өзгерісі қайшы келмейтінін нақты ашып берді.

Суреткер үшін шығарманың нанымды болуы оның ұлттық кейіпкерлер әрекетін шындықпен көмкере білуіне байланысты. Д. Исабеков «Ертегілер елінде немесе қоштасу вальсі» ертегі-повесінің сюжетіннің шиырлы шығуын осымен түсіндіруге болады. Қазіргі қазақ әдебиетінің әдеби ертегілері жолымен баяндай отырып, бала көзімен үлкендер әрекетіне баға беріп, кейіпкер дүниетанымын ұлттық аяда қарастырылған. Жауыздықты жеңген жақсылық салтанатын құратын бұл шығарма шындыққа негізделген қиял-ғажайып оқиғаның ерекше үлгісі болып табылады. Ермек бойына кешелі-бүгінгі ұлттық белгілерді сыналай енгізеді де, ертегінің өзін шынайы өмірге айналдырады. Мұнда жазушы өмір таяғын жеп, жаралы болып келетін тағдырларды өзгеше әлемге әкеледі де, олардың күресін белсенді деңгейге көшіріп, қаһарманына қиял төрінен орын береді. Бала бейнесіндегі қорғансыз кішкентай адамдар бұл өмірдегі жеңісінің қиындықпен келетінін ұқтырады. Атылмыш әдеби ертегі – адам мен оның өміріне философиялық баға бергізген, сол арқылы қазақ данышпандығын танытқан көркем дүние.

Ауыл өмірінің жарқын көрінісінің бірі – Д. Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» және «Тыныштық күзетшісі» повестері. Соғыстың ауылға салған ауыртпалығын суреттеу негізіне қазақ болмысын арқау ете отырып, барлық ұлт өкілдерінен көрінер қасиеттердің өзіндік ерекшелігін ашып берген. Ол кейіпкердің іс-әрекеті мен зерделі дүниетүсінігін бірлікте алып, оның шырқау биігін ұлттық таныммен бедерлеуді мақсат еткен. Балалар мен үлкендер қимылы, арман-ойы бір мақсатқа жұмылдырылған зауыл шықтың салмағына автор

ұлттық болмыс ерекшелігін артқан. Нені болса да қайыспай көтерген адамдар тыныштық, бейбіт өмір үшін арпалысқа түскен. Махаббат, мейрімділік, адамгершіліктің өзі осыдан туындаған. Азамат ерлігі, әйел көз-жасы, бала жүрегінің лүпілін қазақ ұғымындағы ұрпақ жалғастығы, шаңырақ отын сөндірумен идеяларымен байланыстырған. Ақыл-ойы тұзу Оңғар, Құлман, Сейду, Ормантай сияқты ауыл адамдары түгіл есі кірісілі-шығысылы Демесінің өзі халықтың шыдамдылығы, сабарлылығы, қайсарлығымен, ізгі ниетті адамды адамның сүюі түсінігімен суарылған. Жалпыазаматтық мәселерге қазақ көзімен қарауы Д. Исабековтің соғыс жылдарындағы ауыл тақырыбындағы ұлттық характер ұғымына тың шешіммен келуіне негізгі өзек болған.

Жазушының басты мақсаты адам тағдырын терең зерттеу, оның себеп-салдарын байыппен анықтау болып табылады. «Өкпен жолаушы» повесінде де автор адамдардың карапайымдылық, меймандостық, сыйластық ұлттық әдемілік ретінде бағалап, көргенділік ұстанымын алдыңғы қатарға шығарған. Өмір теперішін көрген Зейнеп пен Айтөре бейнесі арқылы халқымыздың ойға бейімділігінің себебін аңғартқан. Заман, бұл дүние жайындағы кейіпкерлер ойы қазақтың өзінше ойлау жүйесін, танымын танытуға себеп болған. Салт-сананың берік орын алуына ұлттың психикалық пішінінің сақталып қалуы ұлттық характер тұрақтылығының немен байланыстылығын айғақтаған.

Кейіпкерлер тартысынан ұлттық характерді көркемдеген шебер суреткер Ғ. Мүсірепов халық қасиеті аясында заман шындығының бетін ашады. Жақсы-жаман қасиетті бойына жиған образдар салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, халықтың таным негізінде типтік характер болып, ол жазушы танымында ер мінезі мен өз мінезі деген көркемдік атау тудырған. Кейіпкердің іс-әрекеті, дүниетүсінігі оны бұлайша бағалауға толық дәлел бола алады.

Қазақтың сөз саптауы мен ой жарыстыруын жарыспалы күйде қолдана отырып, көркем сөздің зергері Ғ. Мүсірепов образдардың характерлік ерекшелігін бедерлеген. Халқымыздың асыл қасиетін бейнелеуде Д. Исабеков, Ғ. Мүсірепов ойған образдардағы ұлттық характердің танылу жолын халық даналығы, дәстүрі, жан сыры бағдар еткен.

Академик З. Қабдолов реализмі мен психологизмін қос қанатына балаған, Т. Ахтанов таныс бейнелерді таныта білуімен шеберлік шыңына жекен жазушылар қатарында саналады. Суреткер кейіпкерінің таныс дәрежесіне жетуінің өзі – ұлттық характер болып шыққан. Сондықтан ол мөлдір шындық болып өріледі. Жазушы суреттеген адам мен дүлей табиғат арасындағы жанталас кейіпкер мен әлеуметтік орта арасындағы күрес санатына енгізіліп, мінез бен мінез қатығысының көрінісіне айналған, белсенді күреспейтін кейіпкер бар Д. Исабеков табиғат пен адам арпалысын егіз және жарыспалы бағытта пайдаланып, Т. Ахтанов дәстүрінде өзгеге ұқсамас образдар жасаған.

Образ тудыру үшін жазушы Д. Исабеков кейіпкерді ұлттық қасиетіне лайықтап, төл психикалық қалыбында құюды мақсат етеді. Мұндайда тұрақты ұлттық характерлердің уақытқа тәуелді бола бермейтінін де анықтаған. «Гауһар тас» повесіндегі Салтанат ерінің өзіне деген сүйіспеншілігін байқай қоймаса да, бақытты болам деп, сол босағада қалып қояды. Ыбыш әйелге қаталдығын міндет деп ұғынады. Бүгінгі заман кейіпкерлері бола тұрып, өткен кезең ұстанымын сақтап қалады. Себебі жазушы ұлы сезімді жырлаудың жаңа пішінін көздеген. Сюжет желісінде тікелей жеткізілер ғарыштық сарындары жоқ болса да, автор оны кейіпкердің ұлттық тәліммен астасқан әрекетіне, ойлау, сөйлеу машығына

жүктеген. Мұндай астарлы, ишарат-тұспалды сипаттаудың өзі бейнелеудің ұлттық жүйесі болып табылады. Жазушы танымында кейіпкерді қай замандікі деп емес, нені пернелеп отыр деп пайымдау керек. Халық бойында сақталған наным-түсініктен туған кейіпкер қашанда өз жолымен жүріп отырады. Тұрақты ұлттық характерлерге ешбір мезгіл мінезі әсер ете аламайды. Қалыптасқан халықтың дәстүр кейіпкерлерді контраст бейнеде суреттеуге әкелген. Д. Исабеков контрастықты халық қасиетіне ашудың жолы әрі ұлттық характердің заман ағымына қарамай тұрақты болатынының кепілі ретінде пайдаланған.

Қоғамдық-әлеуметтік жағдайы бірдей ортада ұлттық кейіпкерлер де бірегей болып табылады. Мұндай да ұқсас ұлттық характердің айырмасы әдеп-ғұрыптар кейіпкердің психикалық келбетін шырайландырып тұрады. Автор Қайыркеннің жеңгесі, Салтанаттың енесі, Оңғардың анасы, Зейнеп ананың қонағы арқылы сыйластықтың, құрметтеудің қазақ арасындағы көрінісін суреттеп, әр ұлт әдебиетіндегі кейіпкерлер айырмасының өлшемін білдіреді. Бұл жолда кейіпкердің ішкі рухани дүниесін тірек етеді.

Д. Исабеков шығармаларындағы басты ұлттық кейіпкерлері – қариялар. Олар бірде салт-дәстүрдің қорғаушысы, ұрпақ өмірінің ұйтқысы болып суреттеледі. Қай-қайсысының болсын қасиеттілігі төлсанадан аңғарылып жатады. Қариялар тағдыр-талайларды құйынды болса да, ұрпақ өсіруіндегі халық көрегенділігінің үлгісі болып қалады. Патриарх шалдар бейнесін автор кейіпкер психологиясын динамикалық тұрғыда талдау жолымен беріп отырады. Динамикалық психологиялық талдау жапа шеккен бейнені тануға да көп септігін тигізеді. Тоқсанбай, Молдарәсіл сияқты бейнелердің ішкі әлемі қазақ қариясынан хабар береді. Қанша қайғы жұтса да, баласындай адамның алдағанын көріп тұрса да Тоқсанбай қария немерені жеткізем деп алған бетінен қайтпайды, өз баласы болмаса да Молдарәсіл Қажымкүлдің ұлы туғанындай күтеді. Д. Исабеков қариялар бейнесін сомдай отырып, халқымыздың сабырлылығының, шыдамдығының қайнар көзі болғандығын дәлелдейді. Қазақтың тыңдау қабілетін жазушы әке образына тірек етіп алады. Өйткені үлкенді тыңдау, айтқанын ұғыну әке тәлімін алудан басталады. Осы қасиет арқылы жазушы Ыбыш пен Қайыркен, Қажымкүлдің әкесінің бейнесін сомдайды. Әке қазақ түсінігінде қайрат пен намыстын безбені, шаңырақ иесі. Мұны дәлелдеу үшін Д. Исабеков кейіпкерлерін характерлер өзгерісімен бейнелейді, характерлер құбылмалылығы ұлттық сананың даму деңгейіне байланысты, ал сананың өзгерісі заман дамуынан, орта әсерінен пайда болады, осы арқылы ұлттық характер өзгермелі құбылыс болатыны түсінікті. «Гауһар тас» повесіндегі әке қалыптасқан қазақы ойлаумен ерекшелінсе, «Тіршілік» повесіндегі әке ұлттық танымға ұнамсыз сипат дарытқан. Әлеуметтік жікке бөлінген қоғамда өмір сүрген Дәулетбай әкелік міндеттен гөрі, мансапты жоғары қояды. Ал сондай қоғамдық жағдайда өмір сүрген «Сүйекші» повесіндегі Доскей бай өз баласына да, өзгенің баласына да мейіріммен қарап, туған ұлын түзу жолға салып отырады, жау елінен болса да Тұңғышқа жылы қабақ танытады. Автор бір әлеуметтік типтен түрліше характер тапқан. Олар типтік емес жағдайдағы реализмнің сонылығына жол ашқан. Демек, ұлттық характер уақытқа ғана байланысты емес, кейіпкердің ішкі дүниесіне де тәуелді. Ал ішкі дүние – жұмбақ әлем, ол ештеңеге бағынбайды, өз заңымен жүреді. Сондықтан жазушыға адам аты қымбат болған. Қай кейіпкерді бейнелесе де, қоғамдық құрылыстағы емес, шынай өмірдегі жеке адами қасиеттерін көркем сүзгіден өткізу мақсат етілген.

Адамтану, адамды бағалау қасиеттерін аманат, кеңкелес, диуана, сүйекші болған Тұңғыш, кісі есігінде жүріп есейген көкнәрші Молдарәсіл, бақыты бір күнде тайған Қажымкүл, баларын ойлап жүрегі қан жылайтын Зейнеп пен Айтөрелер тағдырына негізгі арқау еткен. Елеусіз ешкімнің болмайтынын жазушы қорғансыздар мәселесімен байланыстырып, ұлттық болмыспен бітістіреді. Оқиға соңында мұраттарының орындалып жатуының өзі қазақтың адамтанудағы данышпандығын көрсетеді.

Типтік емес жағдайдан туған характерлер адамгершілік мәселелерін көтереді де, ұлттық характердің айқындаушы факторына айналады. Жағымсыз бейне деген қалыптасқан пікірге де Д. Исабеков адам және оның адами бет-бейнесі арқылы тосқауыл қойған. Оған автор кейіпкерлерін қазақы дүниетүсінікпен суреттеуді негіз етіп алған. Молдарәсілдің туған еліне қайтып оралуы, болыстың оның үйін босаттырып, тазарттыруға әмір беруі, өз күнәсін мойындап, Тұңғышты еліне алдыртпақ болған Үкітай, Өмекейлер – осының дәлелі. Мұнда ер-азаматқа туған жер қымбаттығы меңзеледі. Ағайындас, рулас адамдардың бір ұрпағының шетте жүруі елге намыс, ерге сын деген ұлттық мүде аңғарылады. Суреткер кейіпкердің ұлттық болмысын ашу үшін оның ойлау жүйесін қазақы менталитеттен іздеген.

«Гауһар тас» повесіндегі ән мен оқиғаны екінші бейненің бірінші жақта баяндауы өзі бойына қазақ қызының ұяң мінезін жинап өскен Салтанат айта алмағанды ақтаруға қызмет еткен. Автор ұлттық бейнені танытуда кейіпкердің ұлттық болмысына зер салған. Қазақтың тіршілік-кәсібінің өзі көрегенділігінен, ұрпақ өсіру философиясынан хабар береді. Сөзге мән беру, әңгімелесу ұлттың тағылымын аңғартады. «Гауһар тас» повесі әдемілік деген ұлттық ұғымды ерін сыйлап өткен әйел, ата-енені құрметтеген келін, қайын інісін арқа тұтқан жеңге, келіндерін туған балаларындай мәпелеген ата-ене, көңіл әуенін әуелеткен әндер астарына сыйғызған. Сыйластық, қимастық, әдептілік ұлт әдемілігі, баланы ертеңгі тірлікке, кәсіпке баулу ұрпақ өсірудегі көрегендігі деп бағаланады. Сөйтіп ұлттық психикалық пішінін әдемілік пен көрегенділік құрайтынын дәлелдеген.

«Дермене» повесі арқылы кейіпкердің ішкі дүниесі ұлттық характердің бірден-бір белгісі екенін танимыз. Омаш мәжбүр етеді. Қария үнемі шошынған ойлармен жүріп, онысын тікелей айта алмайды. Ішкі оймен өрбитін кейіпкер әрекеті мазмұнында ұлттық таным жатар. Тоқсабай қария бірден ашу шақырмай, мінез-құлықты ар сотымен таразылап, көрегенділігін көрсетеді. Д. Исабеков ұнамды кейіпкердің күресер тұста тартынып, өзін-өзі тежеуінен көрегенділіктің, ақсақалдықтың қазақ арасындағы зор ролін айқындаған. Психологизм мен деталь кейіпкер іс-әрекетінің салдарын ашуға, білдіруге дәнекер болған.

Омаш бейнесі арқылы тұрақты психикалық тұрпаттың өзі уақыт ықпалымен өзгеріске түсетіні белгілі болды. Ішкі-сыртқы әлеуметтік экономикалық жағдай қаһарманы жан дүниесіндегі жана құбылыстармен анықталған. Халықтық моральдық түсінікке кереғар іс-қимылдар ұлттық кейіпкер бейнесін өзгеше қырынан танытты. Тоқсанбай мен Омаш линиясындағы қақтығыстар тұлғалық қасиет пен әрекеттер қайшылығын тудырып, ұлттық характердің дамуы жағымдыдан жағымсызға қарай көшудің де деңгейі екендігін бейнелейді. Повестегі тартыстың өрбуіне себеп – бала Ергешбай. Дерменшілер таласы, қария мен жас жігіттің арбасуларына себеп болған Тоқсанбай шалдың немересі. Автор тек қана қазақтың немере жайындағы танымымен-ақ шығармаға ұлттық сипат дарытқан. Немересінің болашағы үшін елендеген қария тағдыр салмағын көтере білді. Кейіпкерлер тартысын осы тұрғыдан

құрған жазушы қария бейнесін ой ағымына, жас жігіт әрекетін заман ықпалымен материалдық санаға бейімдеген. Сөйтіп суреткер ұлттық характер өзгерісі тек қоғам жағдайына ғана қатысты емес, рухани құндылық, халықтың дәстүрге байланысты да болатынын дәлелдеді және кейіпкер динамикасын, саналық өзгерісінің себебін жалпыазаматтық шеңберден ұлттық аяға сиғызған. Қаһарманның ұнамды – ұнамсыз іс-әрекетіне қазақ көзқарасы тұрғысынан қараған. Қазақтың өмір сүру философиясын ашып берген.

Қазақтың қарапайымдылығын жазушы – Құлахмет бейнесімен жеткізген. Ұлттық қасиетті кейіпкер характерін дараландыруда негізгі тірек еткен. Соғысты көрген, кеміс болып оралған, азамат басының қадіріне жетпеген әйеліне шыдаған Құлахмет Тоқсабай тектес кейіпкер. Тек типтік емес жағдайдан туған ұлттық характер болып қалыптасқан. Ер-азамат төзе қоймас Сафура қылығын кешіріммен қабылдайды. Артына қалар ұрпағы үшін, әке шаңырағының жағылмауы үшін Құлахмет осындай қадамдарға барды. Психологиялық талдау тәсілімен жазушы кейіпкер әрекетін ұлттық танымнан тыс алып суреттейді де, характер өзгерісін көрсетуде қазақтың қарапайымдылығы қасиетіне сүйенеді. Ол қаһарманның ішкі әлемдегі сабырлылық, келісімпаздық сияқты мінез біліністерімен бітістірілген. Өзіне құрметті талап етуге бұйрығы жетсе де, тағдыр жазуымен жүрген Құлахмет, Тоқсанбайлар қарапайымдылығымен ұлттық бейнелер. Жазушы басына түскенді көтере беретін қазақ тәубашылдығының бірі сыры оның табиғатына біткен қасиетінде екенін ұтымды меңзеген.

«Тыныштық күзетшісі» повесінде делқұлы ретінде суреттелетін кейіпкердің ойлау жүйесі мен саналы адамның қабылдауын контраст күйінде алу нәтижесінде ұлттық характерді толықтыратын белгілілер анықталды. Қазаққа тән қасиеттің бірі саналған сабырлылық – адамның өзі үшін ғана емес, өзгенің жанын жараламау үшін де қажетті басты құрал. Бір жақты танудан қалыптасқан түсінікке қозғау салу арқылы автор характерлер өзгерісін тудырады. Контраст жағдайдан ұлттық болмыс-бітімін жасаған адамның жаманы жоқ, оның ішіне үнілу керек.

Суреткер сабырлылық қасиетін кейіпкердің жеке жан азабын ашуда және өзге кейіпкерге қатысты ішкі астарларын анықтауда қолданған. Дәстүрлі ұлттық таным аясынан тыс кейіпкер әрекетін бейнелеу үшін қазақ қарапайымдылығы басты тұғыр болған.

Кейіпкердің дүниетүсінігін ұлттық ойлау жүйесімен байланыстыруда Д. Исабековтің «Мазасыз күндер» повесін айтамыз. Жазушы әйелдің өткен өмірі мен бүгінгі жағдайын суреттеп, кейіпкердің жан дүниесін ешкімге айтпаған сырын ашуды мақсат етеді. Әйел мен ер арасындағы сезім әдемілік ұғымымен астасқан. Бұл арадағы әдемілік бір-бірінің жағдайын түсінген жандардың ішкі сұлулығы, кең пейілділігі. Әрқайсысының өз отбасы бар болғандықтан, олар бір-бірімен түсіністікпен айырылысуы. Мәрия бейнесі арқылы ұлттық характер өзгерісі көрінгенмен, ұлттық ділдің тұрақтылығы да байқалды. Сондықтан да характер өзгерісі уақытша сипатқа ие болып, өз ортасының әсерімен жеке тұлға болып қалыптасты. Жазушы ұлттық кейіпкер болмысының өзгерісінен тұлға тудыруды ниет еткен. Жағымды образ саналатын тұлға ұлттық характердің ерекшелігін көрсетеді. Бұдан ұлттық характер тек ұнамды қасиеттермен бейнеленетін кейіпкер деген ұғым тумауы тиіс. Біздің айтпағымыз: тұлға дәрежесіне көтерілетін бейнелер – тек сол ұлтқа тән психикалық пішінде

калыптасқан жандар. Мәрияның жар ретінде күйеуінің артын күтуі, келін ретінде ене рұқсатын алуы, бірақ бірден кете салуды жөн көрмеуі, Мәкәрімнің отбасын сақтап қалудағы көргенділігі бұған дәлел.

Көшпелілік қазақ өмірінің, халық ретінде жасауының артықшылығын белгілеген. «Қазақ халқы мыңдаған жылдар бойы өзінің этикалық болмысын қалыптастырған көшпелі өмір салтан XX ғасырдың аясында ғана біржолата кіндік үзді ... Халқымыз біртұтас ұлттық сезіммен дамудың жаңа сатысына қадам басты». Көшпелі өмір мен оның заңына, табиғат жағдайына көндіккен адамдар бір-бірін жассынбай өмір сүруді, аралас-құраластықты басты қажеттілік санаған. Қандастық ұғымы, жеті аталық үрдіс те осы кезеңде шешуші роль атқарғаны түсінікті. Түпкі негізгі тұтастықты, бүтіндікті, бірлікті тірек еткен дәстүр отырықшылық жағдайда тіршілік етіп жатқан бүгінгі қазақ өмірінде әбден тұрақтанған.

Қаламгердің «Бекет» повесінде ағаның ініні іздеуін өзек ете отырып, ұлттың туысқандық тұтастығының өмірдегі орны бағаланған. Жазушы оны кейіпкер хаттары, өткенге лирикалық шегініс арқылы психологиялық талдаудың статикалық жолмен ашып берген. Бекеттің Нұркенді іздеуі қандастық, рухани тұтастығы жататынын меңзеген. Ұрпақ қамы ойлаудан туған жетіаталық үрдіс қазақ характерін даралап сомдаудың өзіндік жолы болған.

Автор кейіпкерлердің қазақы өмір танудағы әрекеттерінің астарына үңіліп, оны ұлттық бейне жасаудың өн бойына қазық қылған. Осы негізде қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиеттегі орнын ұлттық характерді шығармашылық даралығымен мүсіндей алған суреткер белгілей алатынын дәлелдеген.

Тарих о баста-ақ зиялыларды екі типке жіктеп тастаған болатын, олардың бір тобы – ақылы мен санасы тоғыршарлық билеген ел үстінен күн көретіндер де, екіншілері – ел үшін өмір сүтерін халықтық интеллигенция, немесе нағыз интеллигенция. «Қарғын» повесінде біз осылардың екеуінен де ұшырасамыз. Сөйтіп мәңгі бітіспейтін тоғыршарлық пен саналы, шыншыл ақыл тағы да күреске түседі. Социалистік өмір жағдайына беймәлім тоғышар сананың өкілдері Сәргел, Тұрғаттар мен жасын секілді талантты жас ажзушының арасындағы көрінбейтін майдан – повестің басты лейтмотиві. Осы арада, сірә, көрінбейтін деген сөзге ерекше акцент бере көрсеткеніміз жөн болар. Рас, Исабековтың Сәргелі секілді өзін бір көргеннен-ақ әшкерелеп үлгеретін тоғышар жандар тіршілікті аз емес, бірақ мұндай кейіпкерлер осы замандық оқырман үшін қызықты бола қояр ма екен?

Сәргелді антиподы Жасын дейтін жас жазушы екенін жоғарыда айттық. Дулат өз әріптесінің бейнесін ойдағыдай шығаруға күш салған және сол мақсатына жеткен де. Өзіміздің қаламдастарымыздың арасындағы кейбір таныс, бейтаныс жандарды еске түсіретін Жасын бейнесі тек күрескерлік рухымен емес, адамдық, индивидтік ерекшеліктерімен есте қалады. «Таңдану мен табыну ешқашан абстракциялы ұғым болып көрген емес, – деп жазады. Жасын, – өйткені бұл екеуі тек жеке адамның ой өрісі мен парасат деңгейіне тікелей байланысты.

Жасынның батыл ойларына фанатиктер құсап таң қалып, таңдай қағуға болмайды. Дегенмен, дүниені өзінші көре білуге ұмтылған дарынды жасты құптамаcқа болмайды. Өнердің заңы өзгелерге ұқсамай болса, оның бұл ниетін қалайша қоштамайсыз, өнерпаз

түгіл, өмірдегі әрбір қарапайым жанның ешкімге ұқсамайтын өзгеше бір-бір әлем болғанына не жетсін. Тіпті олардың армандарына дейін бір-біріне ұқсамай тұрса. Жә, осы қиялдағанымыз да жетер. Біз білетін өмір бұдан әлдеқайда сұрқай, жадағайлау емес пе еді. Біз білетін өмірде жеке индивидтерден гөрі ұқсастықтар әлдеқайда мол болатын. «Жасасын ұқсамайтындар!» деп қанша жар салғаныңызбен тіршілік прозасы сізді көп ұзатпай-ақ сабаңызға түсіреді. Дегенмен, бізге осы Жасын секілді ерекше адамдар қажет екенін жасырмайық. Ондай жандар көп адамның үйреншікті өміріне жайсыз болғанымен, өнер үшін қажет. Және тек өнерге ғана емес, қоғамымыздың барлық саяси-әлеуметтік саласына.

«Ойлы адамға қызық жол бұл жалғанда...» Абай осылай деген. Осы бір күйді арада бір ғасырдан соң оның жаңа ұрпағы Жасын кешеді енді. Абайдың заңы басқа, заманы басқа, бұған жол болсын? Жоқ, тереңірек бойласақ, оны да кінәлай алмайсыз. Жан-жағымызға ойлы жанарымыздың ұзатып, бір сәт қоғамымызда туындап отырған әлеуметтік, экологиялық, моральдік, т.с.с. негативтік құбылыстарға үнілейікші. Адамзат алдында қанша шешілмеген проблемалар тұр ...

Жасын образы – қазақ әдебиетінің соңғы дәуіріндегі туындап отырған проблемалардың жемісі. Сондықтан да ол тірі. Оның тірі екенінің айғағы кешегі Мұқали мен Тәлегендер, Жүмекендер... Жасының таланты, әдебиетке сіңірген еңбегі қалай дұрыс бағаланбаса, кезінде олардың да әдебиетіміздің сойылы мықты солақай дүмшелерінен көргені тым аз болмайтын.

Жасынды нағыз қайраткер деу қиын. Тіпті ол кейде нигилизмге жақындап барып тоқтайты. Табиғатына қылдай қылау түспеген, балғын бойжеткен Бағыламен ол өзінің тіс қаққан құрдас келіншектерімен сөйлескендей тым еркін кетеді. Егер ол Бағыламен емес, «белгісіз үміттің есігін күзетіп жүрген» өз қатары Мәликемен осылай тілдесе, бәлкім, ерсілеу де көрінбес еді, бірақ Жасын жұртты «аяу дегенді білмейді», оған ең ар жағы үлбіреген балғын бойжеткеннен гөрі де кәрі шындық қымбат. Ол шындықпен бетпе-бет келгенді сүйеді. Ал шындық дегеніңіз аузыңызға салсаңыз еріп жүре беретін балмұздақ та, үлбіреген көктем гүлі де емес. Шындық дегеніміз, ие, оның не екенін бәріміз де жақсы білеміз. Онымен үнемі бетпе-бет келуге кез-келген жанның жүрегі дауаламайды.

Жасын адамдарды ащы да болса шындық арқылы тәрбиелегісі келеді, сондықтан да бір қарағанда оның Бағылаға деген көзқарасы қаталдық сияқты көрінгенімен бірте-бірте жас жазушының қоғам мен адамдық ар алдында сыпайы серілерден әлденеше есе таза екеніне көзіміз жетеді.

Бағыла өмірден онша жолы болыңқырамай, жабырқап жүрген жазушыға табиғаттың жомарттықпен сыйға тартқан қуанышы, бәлкім, бақыты сияқты. Басқалар түгіл өз әріптестері үшін де қиын адамға айналып бара жатқан Жасынды, бір ғажабы, жас бойжеткен терең түсініп кетеді. Ол екеуінің арасындағы махаббат пен сүйіспеншіліктер махаббатқа, жақсы көрушіліктерге ұқсамауымен қымбат.

«– Сен қайтқалы тұрсың ба?»

– Иә, кетуден басқа ештеңе қалған жоқ. – Ол орамалын мұқият салып, сумкасының аузын қаттырақ басып шырт еткізіп жапты да, үстіне кофтасын киді. Оны да қасақана асығыс киді. Ол Жасынның әлдене деуін күтіп,

түймелерін баяу қадады. Бірақ Жасын көңіл жұбатып, оны кідірте тұратын сөз айтудың орнына:

– Сау болыңыз, – деді де, сигарет тұтатып, ашық терезе алдына барып, сыртқа бетін бұрды.

– Біз енді кездеспейміз бе?

– Мүмкін. Қажет болса жер асты арқылы сөйлесеміз ғой. Телефон кабельдері арқылы.

– Осымен бәрінің біткені мә? Осылайша оп-оңай. Және не үшін? Жоқ, мені бір желімдей жабысып тұр екен деп ойлап қалмаңыз. Мен үш жылға созылған ойларым мен шартарапқа шарпыған қиялдарымды, ұмытылмас сәттерім мен азапқа түскен шақтарымды қия алмай тұрмын. Маған сол қымбат. Сол өкінішті. Сізге бәрібір... Сіз... – Оның даусы тағы үзіліп шықты. – Сіз тағы басқа қызбен кездесесіз. Оның бойынан менде кезеспеген жаңа қасиет табасыз...

Жасын жалт қарады» [11, 169-б.].

Біз бұл арада көркем шығармадан үзіндіні әдейі ұзағырақ келтіріп отырмыз. Шынында да, адам жанының осындай нәзік иірімдерін талдау үшін түпнұсқасыз сөйлеу қандай қиын. Шіркін, көркем мәтіндегі (егер оның шын мәнінде көркем екені рас болса) әрбір сөз тамыры бүлкілдеп, тиіп кетсең жүрегі үлпілдеп өз-өзінен сөйлеп кеткелі тұрады-ау! «Біз енді кездеспейміз бе?» Қарапайым төрт ауыз сөзге қаншама маған сыйып кеткен. Мұны жасы жиырмаға жетер-жетпес, өзі тұңғыш рет ғашық болған және сол ғашықтығы жас жанын тәтті азабымен шымырлатып, дел-сал күйге түсірген, іздеткен, аңсатқан, сүйтіп жүріп онан тап қазір айырылып қалғалы тұрған қыз бала ғана түсінер, осы төрт ауыз қарапайым сөзге сол ғана осыншама көл көсір нәзіктік дарыта алар.

«Мүмкін. Қажет болса, жер асты арқылы сөйлесерміз. Телефон кабельдері арқылы».

Қандай суық сөз, қандай қаталдық. Бірақ осы қаталдықта қаншама шындық жатыр. Бұлтартпайтын шындық. Ең болмаса, Жасынның осы арада Бағиланың, қала берді өз оқырмандарының алдында бір өтірік, зілсіз, ақпейіл өтірікті айта салуына болатын еді ғой. Жоқ, ол өйтпейді.

«Ол (Бағила) Жасынның әлдене деуін күтіп түймелерін баяу қадады». Бағиланың пәктігі, адалдығы, аңқаулығы осы бір қарапайым детальдан қандай жақсы көрінеді. Жасын бұны аңғармай қалған жоқ. Бірақ ол қыз балаға қал деп айта алмайды. Ішінен өліп-өшіп жақсы көріп тұрса да, осынысы үшін Бағиланың өзінен мүлде түңіліп кетуінің мүмкін екендігін сезсе де.

Шынын айтсақ, біздің ұлттық әдебиетімізде осы тақырыпқа жазылған сәтті туындылар бола тұра қазақ жазушылары, жасыратыны жоқ, көбінесе махаббаттағы жан құмарлығын көбірек күйттеп кеткен еді. Дулаттың ғашықтары бізді осы екінші жағымен сүйсінтіп кеткендей болады. Бұл тек Исабеков шығармашылығының ғана емес, жалпы қазақ прозасының ішкі мәдениетінің өскенінің белгісі ретінде ұғылуы тиісті.

Жалпы жоғарда айтып өткеніміздей, Сәргел, Тұрғат секілді кейіпкерлерінің өздерінен бұрынғы әдеби әріптестеріне ұқсап, бір қырынан ғана көрінгенін ескермесек, «Қарғынды» өз жүгін аброймен көтеріп шыққан толыққанды шығармаға ұялмай жатқызуымызға болады. Жазушы бұл шығармасында да өзінің суреткерлік концепциясына адалдығын танытады. Ал оқырман қауым болса, ақ желкенін көтеріп, өнер теңізінің еріне бет түзеген сүйікті кейіпкері Жасының жалғыз қайығысына сәттілік тіліп қала береді. Ия, жалғыз қайығысына...

Жазушы бұл шығармаларында өзінің өскенін, кемелдене түскенін танытады. Енді ол бәрін бұрынғыдай өзі айтып, түсіндіріп тастауға тырыспайды, оқушысын өзімен қатар қоя біледі, әдебиет атты сиқырды өнердің құпияларын көркем тексттің өзіне қалдырады. Өнердің қызметі өмірді түсіндіру емес, оны көркемдікпен шыншыл бейнелеуде екенін одан сайын тереңірек ұғына түскен Д. Исабеков осылайша шеберлік сатысының жаңа баспалдағына көтеріледі...

1983 жылы «Жазушы» баспасы қаламгердің «Екі жиырма» атты жинағын шығарды. Прозашы Дулаттың жиырма жылдық творчестволық еңбегінің есебі ретінде ұсынылған бұл кітап біз тағы бір қайтара оқып шықтық. Көкіректе ұмыт бола бастаған кейбір суреттер қайта тірілді. Жасыратыны жоқ, әттеген-ай деген жерлерімізде болды. Көпшілік қазақ кітаптары сияқты бұл жинақта да емле кателері жеткілікті сияқты екен. Жазушы өзінің бұрынғы шығармаларының қайта басылымына тілдік, стильдік өзгерістер енгізбепті. Шығармаларының әрбір қайта басылымына елеулі өзгерістер енгізіп, қырнап, мініп отыратын көркемсөз алыптарының тәжірибесін Д. Исабеков секілді мәдениетті жазушының ұмыт қалдыруы қалай? Бәлкім, жазушы өзінің қаламгер ретінде өсу эволюциясының шынайы картинасын сақтағысы келген шығар, бірақ зерттеушілер аман болса, оны Дулат шығармаларының алғашқы басылымдарынан да табар еді ғой. Әдебиет – халық қазынасы, ендеше кез-келген автор шығармаларының жаңа нұсқасына осы тұрғыдан келу керек емес пе?

Басқаны былай қойғанда, шығармаларының әрбір кезекті басылымына аса жауаппен карап, өзі өмірге әкелген әрбір сөзді толысқан ақыл мен сезімнің безбеніне салып, салмақтап, елеп-екшеп отыратын ана тіліміздің тамаша зергерлері Ғ. Мүсірепов пен Ә. Нұрпейсов тәжірибелі өз халқының мәдениеті алдындағы перзенттік, азаматтық борышын терең сезінгендіктің үлгісі емес пе? Ендеше болашақта Д. Исабеков шығармасындағы адамдарды қорғау тақырыбы ана тілін қорғаумен ұштасса дұрыс болар еді.

Сөз өнеріне келген әрбір суреткерді ең әуелі туған әдебиетінің тәжірибесі қалыптастырады. Ол әлемдік әдебиеттің алыптарына барар жолда осы мектептен нәр алып, бойына қуат жинайды, оның жеткен биігіне талпынады. Ал қазақ әдебиеті секілді іргелі, үлкен университеттің сынағынан өту үшін жақсы ниет пен талант та аз. Оған қоса еңбекқорлық, тіпті оны айтасыз, қайсар ерлік қажет. Өз еңбегіне адал қарайтын әрбір жазушы уақыт озған сайын осы бір қарапайым қағиданы тереңірек түсіне бастайды, сондықтан да енді оның қолындағы қаламы ауырлап, жазуы қиындай түседі. Енді оның шығармалары баспа бетінен сирек көрінеді...

Біздің байқауымызша, жазушы Д. Исабековтың қаламы да соңғы кезде ауырлай бастаған сияқты. Бұл – шығармашылық тоқырау емес, заңдылық болуы тиіс. Қарабайыр шығармаларды шұбыртып жаза беру үшін туғандар болады, олар өздерінің әлдеқашан

тоқырағанын, білкім білмес, бәлкім, біле тұра ұятты былайырақ жинап қойып жаза үлкен, салмағы ауыр болуға керек: ол – әдебиетімізге жаңа сапалық өзгерістер әкелуге борышты.

Сонымен егер «тақырып – әдеби шығармада сөз болатын мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы», ал «әдеби характер – кейіпкердің мінез бітімі, адамның бойына, психологиясына, қимыл-әрекеттеріне тән сан түрлі қасиеттердің бірігіп, біте қайнаған тұтастығы танытатын мінез-құлық өзгешелігі», «тип, немесе әдеби қаһарман-әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға» болса, «Идея – ... жазушының сөз болып отырған мәселерге көзқарасы, қатынасы» екен. Реалистік әдебиеттің өкілдері нақ осы принциптерге табан тірей отырып, өзі суреттеп отырған дәуірдің панорамасын, заман шындығын ашады. Олар кез-келген характер мен типке ең алдымен белгілі бір саяси экономикалық кеңістікте өмір сүріп отырған қоғамдық индивидум ретінде қарайды, сондықтан да сол қоғамның өндірістік қарым-қатынастарына, салт-дәстүрлеріне, моральдық, адамгершілік бейнесіне, сол моральдық, адамгершілік бейненің астарына жете мән береді. Осыларды жалықпай зерттеу арқылы тың характерлер мен типтер, соны көркемдік идеялар табады, сол тапқандарының негізінде болашақ шығармаларының тақырыбын, сюжеттік желісін, композициясын түзеді.

Жазушының шеберлігі оның өзі суреттеп отырған оқиғалардың сол кездің тарихи үдерістерімен қаншалықты терең байланыста екенін суреткерге тән зердемен, интуициямен айқын сезінуіне байланысты. Заман жүрегінің лүпілін тамыршыдай тап басу үшін тек туа бітті суреткерлік дарын аздық етеді, ол үшін жазушының өзі де сол қайнаған тіршіліктің ортасында жүруі керек. Сонымен бірге суреткердің қоғамға, заманға өзінің белгілі бір көзқарасы бар азаматтық позициясы бар болмағаны да шарт. Енжарлық, жалқаулық – шығармашылық өнердің ата жауы, оны құрдымға құлататын басты кесапат.

Қорыта айтқанда, көркемдік жинақтау мен кейіпкерді даралауда жазушы қолданған әдіс шеберлігі арқылы өнер туындысының эстетикалық-танымдық деңгейі нәтижелі болғанын танимыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері: Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 368 б.
3. Қабдолов З. Жебе: Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380 б.
4. Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі баспасы ЖШС, 2004. – 392 б.
5. Әдеби өмір шежіресі / Құрастырғандар: Ә. Нарымбетов, Е. Жаппасұлы, С. Қажиг. – Алматы: АнаАрыс, 2009. – 672 б.
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
7. Исабеков Дулат, Есім Ғ. Ауыл – ұлт тамыры: көрнекті жазушы, қоғам қайраткері, Мем. сыйлықтың лауреатымен және белгілі ғалым-философтың ауыл тақырыбына орай қойылған сұрақтарға жауабынан // Ақиқат. – 2003. – № 5. – 15-15-б.
8. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері (Университеттер мен пединституттардың филология факультеттерінде сырттай оқитын студенттерге арналған әдістемелік талдау). Республикалық баспа кабинеті. – Алматы, 1994.

INTRODUCING DRAMA-BASED APPROACH TO SPEAKING IN ELT

Duzenova D.G.
Suleyman Demirel University

Abstract: